

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ : «Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	<p>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы соына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру.</p> <p>Тұрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p>

	<p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен өртегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандаң жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада)</p>
--	---

	ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.
--	---